

"Қаржыландыру туралы негіздемелік келісімді (ҚАЗ: ОАӨЭЫ 2 көлік дәлізі (Маңғыстау облысының учаскелері) инвестициялық бағдарламасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қазандағы № 1157 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қаржыландыру туралы негіздемелік келісімді (ҚАЗ: ОАӨЭЫ 2 көлік дәлізі (Маңғыстау облысының учаскелері) инвестициялық бағдарламасы) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қаржыландыру туралы негіздемелік келісімді

(ҚАЗ: ОАӨЭЫ 2 көлік дәлізі (Маңғыстау облысының учаскелері) инвестициялық бағдарламасы) ратификациялау туралы

2011 жылғы 7 сәуірде Астанада жасалған Қаржыландыру туралы негіздемелік келісім (ҚАЗ: ОАӨЭЫ 2 көлік дәлізі (Маңғыстау облысының учаскелері) инвестициялық бағдарламасы) ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ НЕГІЗДЕМЕЛІК КЕЛІСІМ

(ҚАЗ: ОАӨЭЫ 2 КӨЛІК ДӘЛІЗІ (Маңғыстау облысының учаскелері) ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ)

Тараптар	2011 жылғы 7 сәуірде осы Қаржыландыру туралы негіздемелік келісім («ҚНҚ») Қазақстан Республикасы (Қазақстан, Қарыз алушы) мен Азия даму банкі арасында («АДБ») арасында жасалды.
ҚҚТ-ның инвестициялық бағдарламасы	Қарыз алушы ОАӨЭЫ 2 көлік дәлізінің Маңғыстау облысының учаскелері қайта жаңартуды («Инвестициялық бағдарлама») жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Инвестициялық Бағдарлама Қазақстан Республикасының Көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаның (КИБ), сондай-ақ

көлік және сауданы дамытуға жәрдемдесу секторында ОАӨЭЫ Стратегиясы мен Іс-қимыл жоспарының ажырамас бөлігі болып табылады. Инвестициялық бағдарлама мен жол картасы осы Келісімге 1-қосымшада сипатталған. Бағдарламаның жалпы құны \$1.2 миллиард АҚШ долларына баламалы.

Қаржыландырудың көптраншты тетігі
 ҚКТ Инвестициялық Бағдарламаға кіретін жобаларды осындай жобалардың осы Келісімге 4-қосымшада жазылған өлшемдерге және осы ҚНҚ-де жазылған ережелерге сәйкес болуы шартымен қаржыландыруға арналған.
 ҚКТ жолдарды және шекара маңындағы инфрақұрылымды жақсарту үшін нақты инвестициялардан, сондай-ақ кейінгі жобаны дайындау, жобаны басқару, активтерді басқару және шекарадан өту рәсімдері кіретін институционалдық әлеуетті дамыту үшін нақты емес инвестициялардан тұрады.

Осы Қаржыландыру туралы негіздемелік келісім
 Осы ҚНҚ АДБ тарапынан қандай да бір қаржыландыруды ұсыну бойынша заңды міндеттеме болып табылмайды. Тиісінше негізделген кезде АДБ-ның өз қалауы бойынша қаржыландыру туралы Қарыз алушы жіберген кез келген сұрау салуды кері қайтаруға, ҚКТ-ның орындалмаған бөлігінің күшін жоюға және ҚКТ шеңберінде Қарыз алушының қандай да бір траншқа сұрау салу бойынша құқығын кері қайтарып алуға құқығы бар. АДБ қаржыландыру транштарын ҚКТ негізге алатын және осы ҚНҚ-де жазылған тараптардың жалпы міндеттемелері мен үміттеріне сәйкес барлық ережелердің қолданыста қалуы шартымен беруі мүмкін.
 Осы ҚНҚ Қарыз алушы тарапынан қандай да бір қаржыландыруға сұрау салу үшін заңды міндеттеме болып табылмайды. Қарыз алушы ҚНҚ шеңберінде қаржыландыруға сұрау салмауға құқылы. Қарыз алушы да ҚКТ-ның кез келген орындалмаған бөлігінің күшін кез келген уақытта жоюға құқылы.
 Қарыз алушы мен АДБ өздерінің ҚКТ-ның немесе оның орындалмаған кез келген бөлігінің күшін жою жөніндегі тиісті құқықтарын пайдалануға құқылы және АДБ екінші тарапқа жазбаша хабарлама жіберу жолымен өзінің қаржыландыруға арналған сұрау салуды қанағаттандырудан бас тарту құқығын пайдалануға құқылы. Жазбаша хабарламада күшін жоюға немесе бас тартуға түсініктеме қамтылуға және күшін жойған жағдайда күшін жою күшіне енетін күн айқындалуға тиіс.
Қаржыландыру жоспары
 2011 – 2015 жылдар кезеңіне арналған Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың индикативтік жоспары төмендегі кестеде берілген. Осы ҚНҚ-ге 1-қосымшада егжей-тегжейлі баяндалады.

Қаржыландыру көзі	Жалпы сомасы (миллион АҚШ долл.)	Жалпы сомадан (%) үлесі
Инвестициялық бағдарлама		
Азия даму банкі	800.0	70.0
Үкімет	412.0	30.0
Барлығы	1,212	100
1 - ж о б а		
Азия даму банкі	283	85
Үкімет	50	15
Барлығы	333	100

Ақпарат көзі: АДБ-ның бағалауы.
 АДБ қарыздарды Бағдарлама шеңберінде жобаларды қаржыландыру үшін соңғылар қаржыландыруға дайын болуына қарай, Қарыз алушы төменде көрсетілген

<p>Қаржыландыру шарттары</p>	<p>ережелерге сәйкес болуы, ал жоба мен оның компоненттері сол ережелерге сәйкес болуы шартымен береді. Әрбір қарыз ҚҚТ шеңберіндегі транш болып табылады.</p> <p>Әрбір транш одан алдыңғы немесе кейінгі транштарды қаржыландыру шарттарынан өзгеше шарттарға сәйкес қаржыландырылуы мүмкін. Қаржыландыру шартын таңдау транш бойынша қарыз туралы келісімге қол қою күніне басым болатын жобаға, капитал нарығының жағдайларына және АДБ-ның қаржыландыру саясатына байланысты болады. Транштар реттілікпен немесе бір мезгілде ұсынылуы мүмкін, кейбіреуі уақыты бойынша бір-бірімен сәйкес келуі мүмкін. Транштың ең көп және ең аз мөлшері белгіленбеген.</p> <p>ҚҚТ бойынша міндеттемелер үшін комиссияның немесе кепілдікті жарналар төленбеуге тиіс. Олар АДБ іс жүзінде қарыз ретінде берген қаржы қаражатына қатысты ғана төленуге тиіс. Резервте ұстағаны үшін траншты берген кезде қолданыста болған комиссия бойынша АДБ қағидалары осындай траншқа қолданылады.</p> <p><i>Сомма</i></p> <p>ҚҚТ шеңберінде ұсынылатын қаржыландырудың ең көп сомасы сегіз жүз миллион (\$800.000000) долларды құрайды. Ол АДБ¹-ның қарапайым капиталдық ресурстарынан бөлек транштармен ұсынылатын болады. Әрбір транштың мерзімі мен шарттары әрбір транштың түпмәтінінде айқындалады және АДБ-ның басым саясатына сәйкес болады.</p> <p><i>Қарыз қаражатының қол жетімділік кезеңі</i></p> <p>Кез келген транш бойынша кез келген төлем жүргізуге болатын соңғы күн 2017 жылғы маусым. Қаржыландырудың соңғы траншы 2013 жылғы желтоқсаннан кешіктірмей жүргізілуге тиіс.</p> <p><i>Мерзімдері мен Шарттары</i></p> <p>Қарыз алушы Бағдарлама бойынша шығыстарды қаржыландыруға арналған әрбір транштың қаражатын осы ҚНҚ-да көрсетілген шарттарға және әрбір транш үшін қарыздар туралы келісімдерге сәйкес пайдаланатын болады.</p> <p>ҚҚТ шеңберіндегі қарыз қаражаты заңдылық өлшемдері мен мақұлдау рәсімдері осы ҚМС-ке 4-қосымшада жазылған жобаларды қаржыландыру үшін пайдаланылатын болады.</p>
<p>Іске асыру</p>	<p>Бағдарлама бойынша атқарушы агенттік Көлік және коммуникация министрлігі (КҚМ) болып табылады. КҚМ жанындағы Автомобиль жолдары комитеті (АЖК) Іске асырушы агенттік ретінде жұмыс істейді. Атқарушы агенттік Бағдарламаны осы Келісімге 1-қосымшада жазылған қағидаларға және әрбір транш үшін қарыз туралы келісімдерде көзделген қосымша заңдық талаптарға сәйкес іске асыратын болады.</p>
<p>Қаржыландыруға мерзімді сұрау салу</p>	<p>Қарыз алушы Қаржыландыруға арналған мерзімді сұрау салуды (ҚМС) алғаннан кейін, ҚҚТ құрамына кіретін Бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру үшін оның шеңберінде сұрау салуы мүмкін және АДБ қарыз беруге келісуі мүмкін. Әрбір ҚМС-ны Қарыз алушы ұсынуға тиіс. Қарыз алушы транш үшін ҚМС-те көрсетілгенге және қарыз туралы келісімдерге сәйкес транш қаражатын КҚМ-ге ұсынады.</p> <p>АДБ ҚМС-ті қарайды және егер оларды қанағаттанарлық деп тапса, тиісті қарыз туралы келісімді дайындайды.</p> <p>ҚНҚ шеңберінде қаржыландыру сұралатын жобалар осы Келісімге 4-қосымшада көрсетілген өлшемдерге сәйкес іріктелуге тиіс, тиісті қаржылық және экономикалық талдаудан қанағаттанарлықтай өтуге тиіс, тиісті табиғат қорғау шаралары мен фудисиарлық негіздер және басқа да құжаттар дайындалуға тиіс. АДБ мен Қазақстан тиісті іс-қимылдар мейлінше жылдам басталуы үшін ҚҚТ-ны әкімшілендіру жөніндегі нұсқаулық (ӨН) пен кестені келісіп алуға тиіс. Түпкілікті ӨН ҚНҚ мен бірінші транш бойынша қарыз туралы келісім жөніндегі келіссөздер кезінде расталатын болады.</p>

	Өзгесі туралы Қазақстан хабарлама ұсынбайынша ҚМС-ке қол қою мақсатында Қазақстанның уәкілетті өкілі Қаржы министрлігі болып табылады.
Іске асырудың жалпы құрылымы	ҚҚТ жалпы құрылымға және осы Келісімге 3-қосымшада көрсетілген іске асыру жөніндегі іс-шараларға сәйкес іске асырылатын болады.
Рәсімдер	ҚҚТ шеңберінде берілетін транштар мынадай рәсімдер мен міндеттемелерге жатады: (i) Қарыз алушы алдағы ҚМС туралы АДБ-ны ҚМС-ны беруден бұрын алдын ала х а б а р д а р е т е д і . (ii) Қарыз алушы ҚМС-ны АДБ-мен келісілген пішімде жібереді. (iii) АДБ өзінің қалауы бойынша келіссөздер жүргізуден және транш үшін қарыз туралы кез келген келісімге қол қоюдан бас тартуы мүмкін. (iv) Егер АДБ ҚМС-ны қабылдағанын растаған жағдайда, тараптар келіссөздер жүргізеді және қарыз туралы келісімге қол қояды.
ҚМС-ге ақпарат	ҚМС, негізінен, осы Келісімге қоса берілетін нысанда ұсынылуға және мынадай е р е ж е л е р д і қ а м т у ғ а т и і с : (i) Қ а р ы з с о м а с ы ; (ii) Қаржыландырылатын жобалардың/компоненттердің сипаты; (iii) Шығындар сметалары мен қаржыландыру жоспары; (iv) Жоба үшін айқындалған іске асыру тетіктері; (v) Жалғасып отырған іс-қимыл мен осы Келісімнің ережелеріне сүйенуді растау; (vi) Алдыңғы Келісім/Келісімдер бойынша ережелерге сәйкестікті растау; және (vii) ҚҚТ әкімшілендіру нұсқаулығы бойынша сұратылуы мүмкін немесе АДБ негізделген түрде талап ете алатын басқа ақпарат.
Табиғат қорғау шаралары	5-қосымшада ҚҚТ-ны іске асыру кезінде сақталуға тиіс табиғатты қорғау шаралары жөніндегі негіздемелік құжаттар қоса беріледі. Транш бойынша қарыз туралы келісімге қол қойылған күні қолданылатын АДБ-ның табиғат қорғау шаралары жөніндегі саясаты туралы мәлімдеме (2009) осындай транш бойынша қаржыландырылатын жобаларға қатысты қолданылатын болады.
Сатып алу	ҚҚТ шеңберінде қаржыландырылатын барлық тауарлар, жұмыстар және қызметтер АДБ-ның сатып алу жөніндегі нұсқаулығына сәйкес сатып алынуға тиіс (2010 ж., кезең-кезеңімен оған енгізілетін толықтыруларымен).
Консультациялық қызметтер	ҚҚТ шеңберінде қаржыландырылатын барлық консультациялық қызметтер АДБ-ның консультанттарды тарту жөніндегі нұсқаулығына сәйкес сатып алынуға тиіс (2010 ж., кезең-кезеңімен оған енгізілетін толықтыруларымен).
Сатып алу бойынша алдын ала рәсімдер	Саясаты мен рәсімдеріне сәйкес АДБ әрбір транш шеңберінде құрылыс жұмыстары мен консалтингтік қызметтерді сатып алу бойынша алдын ала рәсімдерді мақұлдай алады. Қазақстан Республикасы сатып алу бойынша алдын ала рәсімдерді кез келген мақұлдау АДБ-ның осыған байланысты жұмсалған шығыстарды немесе осыған байланысты жобаны қаржыландыру жөніндегі міндеттемесі болып табылмайтынын растайды.
Қаражатты игеру	Төлемдер АДБ-ның қаражатты игеру жөніндегі нұсқаулығына сәйкес жүргізілетін болады (2007 ж., кезең-кезеңімен оған енгізілетін толықтыруларымен). Жер сатып алу мен көшіру көзделген жобаларда құрылыс жұмыстары үшін қажетті жер учаскелері мен бөлінген жолақтардың барлығы сатып алынбайынша және үшінші тараптың қандай да бір құқықтарынан немесе талаптарынан немесе қандай да бір басқа кедергілерден босатылмайынша қарыз қаражатын құрылыс жұмыстарына ақы төлеу үшін пайдалануды жүзеге асыруға болмайды.
Мониторинг, бағалау және есептілік бойынша іс-шаралар	Мониторинг, бағалау және есептілік осы Келісімге Қосымшада жазылған және ӨН-де егжей-тегжейлі сипатталған іс-шараларға сәйкес жүзеге асырылатын болады.
Міндеттемелер	6-қосымшада ҚҚТ-ға қатысты Қарыз алушының өзіне алатын міндеттемелер келтірілген.

1 Әрбір қарызға 2001 жылғы 1 шілдедегі АДБ Қарапайым Капитал Ресурстарынан LIBOR негізінде қарыздарға қолданылатын Қарапайым Операциялардың Қарызы туралы қағиданың ережелері, егер Қарыз туралы келісім шеңберінде өзгеріс енгізілген болса, бұлар ескеріле отырып, қолданылатын болады (аталған Қарапайым Операциялардың Қарыздары туралы қағида, егер ондайлар болса, өзгерістерімен бірге бұдан әрі «КОҚ Қарыздар туралы қағида» деп аталады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

АЗИЯ ДАМУ БАНКИ

Уәкілетті өкілдің аты

Уәкілетті өкілдің аты

1-ҚОСЫМША

ЖОЛ СЕКТОРЫНЫҢ КАРТАСЫ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТҮПМӘТІН, ІС-ҚИМЫЛДАР ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

А. Жол секторының картасы

1. Стратегиялық мақсат

1. Үкімет Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын (барлық секторлар үшін 2010 жылғы 1 ақпанда мақұлданған) және 2010 жылғы 19 наурызда мақұлданған Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын (ҮИИДМБ) әзірледі. Бағдарлама экономикалық құрылымды әртараптандыру жолымен ел экономикасын нығайтуға және барлық секторларды дамыту бағдарламаларын бір топтық құжатқа² біріктіруге бағытталған.

2. Стратегия мен ҮИИДМБ-ны тиімді қолдау үшін 2006 – 2012 жылдарға арналған автожолдарды дамытудың алдыңғы жоспары (АДЖ) пысықталды және 2010 жылғы қыркүйекте Үкімет мақұлдаған Қазақстан Республикасының көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама (КИБ) болып кеңейтілді. КИБ (1) көлік жүйесі жоғары технологиялы, бәсекеге қабілетті және халықаралық стандарттарға сәйкес; (2) қауіпсіз және (3) экономиканың, ұлттық қауіпсіздіктің, геосаясаттың және бизнестің мүдделерін ескереді деген пайымдаумен халықаралық көлік жүйесіне біріктірілген тиімді көлік жүйесін құрады.

2. Қыр көрсетулер

3. Темір жолдар мен су жолдарының тығыздығы салыстырмалы түрде төмен болған кезде автомобиль жолдары қатынас құралдарының үстем түрі болып табылады. Қазақстандағы жолдардың ұзындығы шамамен 148,000 км құрайды, оның ішінде 93,600 км қоғамдық пайдаланымдағы жолдар болып табылады. Қоғамдық пайдаланымдағы жолдар республикалық және жергілікті болып жіктеледі. Халықаралық және республикалық маңызы бар жолдар қоғамдық пайдаланымдағы жолдардың 25 %-ын және барлық тасымалдардың 50 %-ын құрайды.

4. Еуропа мен Азия арасындағы көлік ағындарының ортасында орналасқан Қазақстан тез дамып келе жатқан трансқұрлықтық бағыттар бойынша стратегиялық магистральдарды қамтамасыз ете отырып, зор транзиттік әлеуетке ие. Жер үсті көлігінің бірнеше бағыты ғана солтүстікті оңтүстікпен және батысты шығыспен жалғастыра отырып, Қазақстанның аумағын айналып шыға алады. 2009 жылы 700 миллион АҚШ долларына жеткен Азия мен Еуропаның арасындағы сауда көлемін 2015 жылға қарай 1 триллион АҚШ доллары көрсеткішіне жеткізу межеленіп отыр, оның ішінде 20 %-ы Қазақстанның аумағы арқылы өтеді. Болжам бойынша бұл транзиттік тасымалдар Қазақстанға 1.1 миллиард АҚШ долларына жуық кіріс жинайды.

5. Өзінің зор әлеуетіне қарамастан, транзиттік қозғалыс халықаралық негізгі алты дәліздің тозған инфрақұрылымына байланысты төмендеді. Бұл негізгі дәліздердің жамылғылары негізінен асфальтты, бірақ өздерінің техникалық-пайдалану сипаттамалары (тегістігі мен беріктігі) олардың рұқсат етілген жүктемелері мен көлемдерінен аса отырып, халықаралық стандарттардан қалыс қалған. Негізгі халықаралық транзит дәліздерінің бірі ТРАСЕКА дәлізі бойындағы қозғалыстың орташа жылдамдығы сағатына 20 км-ден төмен. Шекаралардан өту үшін тосқауылдар транзиттік қозғалыс пен сауданы ұлғайтудың және бір кедергісі болып табылады. Негізгі шектеулер мынаны: (1) кеден мен шекаралық инспекциядағы негізсіз кідіртулер және күрделіленген рәсімдер; (2) Қазақстан Республикасының көлік саласындағы ұлттық заңнамасы мен халықаралық стандарттар арасындағы сәйкессіздіктер; (3) транзит пен қозғалысты реттеу жөніндегі халықаралық шарттардың болмауы³. Транзиттік қозғалысты тарту Үкіметтің Стратегия шеңберіндегі негізгі басымдығы болып табылады және негізгі шаралар негізгі халықаралық дәліздерді қайта жаңарту мен шекарадан өту кезіндегі шектеулерді жоюға бағытталған.

6. Қазақстанда 2008 жылы 13,739 жол-көлік оқиғасы тіркелген болатын, олардың нәтижесінде 3,351 адам қаза тапқан және 16,400 адам жарақаттанған. ЖКО саны жыл сайын 7-8%-ға қысқарып отырғанына қарамастан, көбінесе жылдамдықты арттыру және жолдар үшін сәйкес келмейтін жобалық шешімдер жол апаттарының жиі кездесетін себептері болып табылады. Жол операциялары мен қозғалысты басқарудың жеткіліксіз жүйесі өлім-жітімнің жоғары көрсеткіштері, көлік құралдары жүктемесінің шамадан тыс артық болуы сияқты көптеген проблемалардың себебі болып табылады, транзиттік операциялардан түсетін болмашы кіріс ішінара соның нәтижесі болып отыр. Жол операциялары мен қозғалысты басқару жолдар желісінің барлық аспектілері туралы дұрыс және дәл деректерді талап етеді. Алдын ала ақпарат жүйесі әлеуетті түрде қолданылуы және біліктік жүктеме мониторингі мен бақылау объектілерін, жолдардағы ауа райы жағдайы туралы ақпарат жүйесін, магистральдардағы радио хабарламалар мен электрондық белгілерді, сондай-ақ қозғалысты тіркеуге арналған жабдықты қамтуы мүмкін еді. Мұндай жүйе жолдардағы кедергілердің азаюын және

шығындардың төмендеуін қамтамасыз ететін дұрыс шешімдер қабылдау үшін, сондай-ақ пайдаланушыларды жолдардың жай-күйі туралы уақтылы хабардар ету үшін қызмет көрсету жөніндегі менеджерлер талап ететін деректерді беріп отыратын болады.

7. Жолдар және қозғалыс туралы толық деректер тиімді жоспарлау үдерісі кезінде өте маңызды рөл атқарады. Үкімет елдегі іске асырылып жатқан стратегиялар мен жоспарлардың ұзақ мерзімді нәтижелерінің сенімді индикаторын беретін жол деректерін басқару жүйесін әзірлейді. Жолдарды тексеру мен трафикті шолудың қолданыстағы жүйесі жолдардың жай-күйі, сондай-ақ жол жұмыстарына қажеттіліктер туралы деректер жиналатындай түрде өзгертілуге тиіс. Трафикті шолу да жол-көлік оқиғалары туралы деректердің сапасы сияқты күшейтілуге және кеңейтілуге тиіс, бұл авариялардың себептерін анықтауға мүмкіндік береді.

² Оны қолдау үшін ОАӨЭЫ 1-ге арналған АДБ-ның 1-ші КҚТ мақұлданған Қазақстанның 2006–2015 жылдарға арналған алдыңғы көлік стратегиясы Стратегия 2020-ға, ҮИИДМБ-ға және КИБ-ға біріктірілген болатын. Көлік секторы бағдарламасының негізгі мақсаттары өзгеріссіз қалды: (1) қол жетерлік және қол жетімді, қауіпсіз және қоршаған орта талаптарына сай келетін жүйе; (2) өзін-өзі ақтайтын инвестициялар мен операциялары бар; және (3) көліктік қызметтерді жеке сектордың ұсынуы.

³ Белгілі бір жақсартулардың жүзеге асырылуына және транзит пен саудаға жәрдемдесу жөніндегі келіссөздер жүргізілуіне қарамастан, жүктер рұқсат етілген шектеулерге сәйкес келтіріліп тексерілуіне байланысты шекаралардағы ұзақ кідірістерді ескере отырып, шекараны кесіп өту әлі де айтарлықтай уақытты қажет етеді.

3. Сыртқы көмек пен алынған сабақтар

8. АДБ көлік, кедендік ынтымақтастық және Қазақстан мүшесі болып табылатын саудаға қолдау көрсету жөніндегі ОАӨЭЫ іс-шаралары секторындағы жетекші ұйым болып табылады. Қазақстанның жол секторына тартылған Халықаралық Қаржы Институттары (ХҚИ) АДБ-ны, ЕҚДБ-ны, Ислам даму банкін, ЖХЫА-ны және Дүниежүзілік банкті қамтиды. АДБ тиісінше 2002 және 2006 жылдары аяқталған Гүлшат-Ақшатау және Алматы-Бішкек жол учаскелерін қаржыландырды. Тұтас алғанда, бірінші жоба табысты деп бағаланды⁴. Үкімет институционалдық даму мен жол секторын реформалауда белгілі бір табысқа жетті. Жолдарға техникалық қызмет көрсетуге бөлінген бюджет ұлғайтылды. Екінші жоба қанағаттанарлық деп бағаланды⁵. АДБ 2008 жылы бірінші МҚТ мен бірінші транш үшін 340 миллион АҚШ доллары сомасындағы қарызды, 2009 жылы екінші транш үшін 187 миллион АҚШ доллары сомасындағы қарыз мақұлданды. 2010 жылы да үшінші транш үшін 173 миллион

сомасындағы қарыздың мақұлданады деп күтіліп отыр. Алғашқы екі жоба қаржыландыру туралы негіздемелік келісім мен қарыз туралы келісімдердің талаптарына сәйкес келеді.

⁴ АДБ. 2002. Қазақстанда жолдарды қалпына келтіру бойынша жобаның тиімділігін бағалау туралы есептің жобасы (Қарыз 1455). Манила.

⁵ АДБ. 2002. Қазақстанда Алматы-Бішкек жолын қалпына келтіру жобасы бойынша қорытынды есептің жобасы (Қарыз 1774). Манила.

В. Көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі бағдарлама (КИБ)

9. Үкімет халықаралық транзит дәліздеріне және оларға қосылатын жолдарға кешенді инвестицияларға баса мән береді. Физикалық инвестициялар дәліздерді реконструкциялауға, сондай-ақ халықаралық жүйеге біріктірілген тиімді көлік жүйесін құру үшін жол операцияларын жақсартуға және жолдарды ұстау жүйесіне шоғырландырылған.

а. Нақты инвестициялар

10. Стратегия шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін халықаралық негізгі алты дәліз бойынша ұзындығы 4417 км республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңарту жоспарлануда. Басым инвестициялық жобалар: (1) «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» дәлізін қайта жаңарту; (2) ұзындығы 4,417 км 12: Щучье-Көкшетау-Петропавл-РФ шекарасы; РФ шекарасы-Орал-Ақтөбе; Астана-Қостанай-Челябі; Жетібай-Түркменстан шек.; Астана-Қарағанды; Алматы-Қапшағай; Ташкент-Бақты; Орал-Достық; Бейнеу-Ақжігіт-Өзбекстан шек.; Омбы-Павлодар-Майқапшағай; Күрті-Бұрылбайтал; Бейнеу-Ақтау учаскелерін қайта жаңарту, сондай-ақ Батыс-Шығыс және Солтүстік-Оңтүстік бағытында басқа да әлеуетті транзиттік бағыттарды енгізу. Үкімет (1) республикалық маңызы бар жолдардың 7,127 км-ін салуды немесе жақсартуды және 9,951 км-ін жөндеуді және (2) жергілікті маңызы бар 12,485 км жолға жөндеу жүргізуді және жақсартуды оларды жоспарлауда.

4-кесте: Жолдардың санаттары бойынша 2010 – 2014 жылдарға арналған құрылыс жұмыстары

Жобаның атауы	км					
	2010	2011	2012	2013	2014	2010-2014
Республикалық маңызы бар жолдар						
Республикалық маңызы бар жолдарды салу және қайта жаңарту	550	1,290	1,914	2,001	1,370	7,127
Жиыны, (концессиялық негіздегілерді қоса алғанда) республикалық маңызы бар жолдар	1,429	2,720	3,424	4,942	4,563	17,078

Жергілікті маңызы бар жолдар	2,274	2,313	2,273	2,805	2,820	12,485
Жиыны	3,703	5,033	5,697	7,747	7,383	29,563

Ақпарат көзі: ҚР ККМ

5-кесте: 2010-2014 жылдары жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту және жөндеу бойынша жол жұмыстарының көлемі

Жобаның атауы	млрд. теңге					
	2010	2011	2012	2013	2014	2010-2014
Республикалық маңызы бар жолдар						
Республикалық маңызы бар жолдарды (концессиямен бірге) салу және қайта жаңарту	153.9	290.6	448.22	454.9	239.5	1,587.1
Республикалық маңызы бар жолдарды (орташа және күрделі) жөндеу:						
Республикалық маңызы бар жолдар бойынша жиыны	20.0	25.0	27.0	27.0	30.0	129.0
Республикалық маңызы бар жолдар бойынша жиыны	173.9	315.6	475.2	489.9	269.5	1716.1
Жергілікті маңызы бар жолдар						
Жергілікті маңызы бар жолдар бойынша жиыны	38.1	41.3	53.9	60.8	67.3	261.3
Барлығы	212.0	356.4	529.1	542.7	336.8	1,977.4
қарыз қаражаты	89.6	153.0	182.5	21.2	43	489.3
оның ішінде концессия		94.2	215.9	257.4	39.2	606.7

Ақпарат көзі: ҚР ККМ

2. Нақты емес инвестициялар

11. Стратегия басқару және стратегиялық жоспарлау әлеуетін жақсартуға; нарықтық реформаларды ілгерілетуге, қауіпсіздікті, құрылыс және күтіп ұстау стандарттарын күшейтуге; жеке сектордың тасымалдарға қатысуын жылжытуға бағытталған. Ол транзиттік жүктер қозғалысындағы нақты емес тосқауылдарды (оның ішінде шекаралардан өту) азайтуға, барлық мүдделі тараптардың арасында шектеулі үйлестіру, шекара пункттеріндегі жеткіліксіздігі, құқық саласындағы ақпаратты нашар басқаруға және т.б. мәселелерді шешуге бағытталған. Көлік саласын реформалау бір қалыпты жылжуда. Көліктік қызметтерді ұсыну кезінде бәсекелес орта Қазақстандық көлікті халықаралық жүйеге біріктіруді жеделдету және елдің транзиттік әлеуетін іске асыру мақсатында құрылатын болады.

12. Нақты емес инвестициялардың мүмкіндіктері жолдардың жекелеген учаскелеріне жеке сектордың қатысуын ілгерілетуге, шығындарды өтеу қағидаттарын қолдануға, ашықттықты және жоба демеушілерін конкурстық негізде іріктеуді қамтамасыз ететін жеке сектордың қатысу негізін құруға, тәуекелдерді басқару жүйесін дамытуға және жолдарды күтіп ұстауды басқару жүйесінің тиімділігін жақсартуға бағытталған. Бұл тиімді басқару мен есептілікті, сондай-ақ жол секторының орнықтылығын жақсартуға мүмкіндік береді. Жақсартылған басқару мен есептілікке

ККМ-нің есептілігі мен әлеуетін жақсарту, мемлекеттік органдардың әртүрлі деңгейлері арасындағы функционалдық міндеттердің анықтығы және қорғау талаптарына неғұрлым қатаң сәйкестігі арқылы да қол жеткізуге болады. Жол қауіпсіздігін жан-жақты және келісілген бағдарламалар арқылы жақсарту, жол ережелерін жақсартудың жалғасуы және көлік секторын дамытудың жақсартылған және есепті бағдарламасын дайындау Үкімет жоспары болып табылады.

С. Стратегиялық түпмәтін

13. Инвестициялық бағдарлама АДБ-ның 2020 стратегиясы мен операциялық қызметтің Бизнес Жоспарына (2010 – 2011) сәйкес келеді⁶. Инвестициялық бағдарлама ҚР Үкіметінің Стратегиясы мен КИБ-ға да, сондай-ақ ОАӨЭЫ-ның Іс-қимыл жоспары және сауда мен көлікке жәрдемдесу стратегиясына сәйкес келеді. ОАӨЭЫ 2 дәлізі Кавказды Орталық Азия елдері арқылы Шығыс Азиямен жалғастырады. Инвестициялық бағдарлама Маңғыстау облысындағы дәліз учаскелеріне бағытталған.

14. ОАӨЭЫ Стратегиясы және іс-қимыл жоспары. Өңірлік жүйеде түйінді рөл атқаратын республикалық жолдар желісіне бағытталған Инвестициялық бағдарлама өңірлік сауда үшін нақты және нақты емес тосқауылдарды төмендету және тауарлар мен адамдардың қозғалысына ықпал етеді.

⁶ АДБ. 2008. ОАӨЭЫ Көлікті және сауданы даму стратегиясы мен Іс-әрекеттер жоспары. Манила. КСДС және 2008 – 2017 жылдарға арналған Іс-қимыл жоспары өңірдің өзара байланысын және бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға бағытталған.

Д. Стратегияның негізі

15. Жол секторын дамытудың 2006 – 2012 жылдарға арналған негізі әзірленіп, бірінші ҚҚТ-ға енгізілді (ОАӨЭЫ 1 дәлізі)⁷. Ол басқару мен есептіліктегі, орнықты қаржыландырудағы, саяси және реттеуші негіздердегі, институционалдық реформалар мен әлеуетті дамытудағы, жол қауіпсіздігіндегі, жол секторының орнықтылығы мен жол операцияларындағы базалық операциялық қағидаттар мен озық тәжірибені айқындайды. Секторды дамыту негізі шеңберінде ККМ табысқа қол жеткізді: (1) концессиялық жобалар бойынша конкурстық рәсімдер аяқталып қалды, (2) концессиялар туралы заң пысықталды, (3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі нұсқаулық мақұлданды, (4) қаржылық басқарудың ашық тетігі үшін ККМ-де қаржы департаменті құрылды және (6) фидуциарлық мәселелер жөніндегі қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі нұсқауды тиімді іске асыру үшін оқытудан өтуде.

16. Секторды дамыту негізі осы жетістіктер жоспарланған іс-шараларды көрсете отырып, 2010 – 2014 жылдарға кеңейтілген. Инвестициялық бағдарлама мақұлданғаннан кейін секторды дамытудың алдыңғы негізі мына 3-кестеге ауыстырылатын болады.

⁷ АДБ. 2008. Президенттің Директорлар Кеңесіне есебі және ұсыныстары: Қазақстан Республикасына ұсынылып отырған [Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі] ОАӨЭЫ 1 (Жамбыл облысындағы учаскелер) көлік дәлізі үшін Инвестициялық бағдарламаға арналған, қаржыландыру мен әкімшілендірудің көптраншты тетігі. Манила.

3-кесте: ЖОЛ СЕКТОРЫН ДАМУ НЕГІЗІ (2010 – 2014 жылдар)

Реформа жоспары	Іс-қимыл	Мәртебесі	Жоспарланды
Тиімді басқару және есептілік	Жеке меншік сектордың қатысуы үшін жобалардың демеушілерін ашық және бәсекелі таңдау арқылы тиімді басқаруды қамтамасыз ететін стратегияны қалыптастыру	АДБ мен ЕҚДБ-ның қатысуымен Алматы–Қорғас ОАӨЭЫ 1 дәлізінің учаскесіне арналған бірінші пилоттық концессиялық жоба – конкурстың жеңімпазы айқындалды және шарттың талаптары жөнінде келіссөздер жүргізілуде Екінші концессиялық жол жобасына (ОҚО шекарасынан Өзбекстан шекарасына дейін, ОАӨЭЫ 1 дәлізі) арналған тендерлік құжаттар ЕҚДБ-ның жәрдемімен әзірлену сатысында 2010 жылғы 2 сәуірде әлеуетті инвесторлар үшін неғұрлым тартымды жағдай жасау мақсатында Концессия туралы заң толықтырылды	- Концессиялық негізде Астана–Қарағанды және Алматы–Қапшағай учаскелеріне конкурс өткізуге, сондай-ақ Астана–Шучье жолында ЗКЖ енгізуге кірісу.
	Көлік және коммуникация министрлігінің есептілігін жақсарту	ПТС тиімділік көрсеткіштері үшін мақсаттар белгіленді. ХҚДБ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі нұсқауын ККМ мақұлдады ОАӨЭЫ 1 дәлізі шеңберінде жобаның барлық қатысушылары (жобаның менеджерлері, ҚКК, ҮЕҰ, ККМ және ХҚИ) арасында жоба мәселелері бойынша үйлестіру мен коммуникация және пікір алмасу үшін тұғырнама қызметін атқаратын Вебсайт пен онлайн форум іске қосылды	- ККМ Батыс Еуропа-Батыс Қытай жобасының шеңберінде ДБ дайындаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарымен жұмыс істеуге міндеттенеді
			ККМ АЖК республикалық жолдар үшін және облыстық

	<p>Үкіметтің әртүрлі деңгейлері бойынша функционалдық міндеттерді бөлу</p>	<p>әкімдіктер жергілікті жолдар үшін жауапты болады</p> <p>Жергілікті жолдарды дамыту үшін бюджеттік трансферттер Республикалық маңызы бар жолдарды ұстауды Қазақавтожол, ал жергілікті жолдарды жеке мердігерлер жүзеге асырады</p> <p>Құрылыс материалдары мен жұмыстардың сапасын бақылау үшін облыстық деңгейде «ОблЖолЗертхана» мемлекеттік мекемесі құрылды</p> <p>Бюджеттен қаржыландырылатын жобалар шеңберінде құрылысты қадағалау қызметтері жеке компанияларға беріледі</p>	
	<p>Қауіпсіздік техникасына неғұрлым қатаң сәйкестік</p>	<p>Қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі нұсқаулықтар 2004 жылы енгізілген</p> <p>Барлық жобалар табиғат қорғау және әлеуметтік кепілдіктерге сәйкес болуға тиіс</p> <p>Бөлінген жолақ пен жиекті неғұрлым тиімді пайдалану үшін Жер кодексі мен жолдар туралы заң пысықталды</p> <p>Импортталатын автомобильдер үшін қатаң талаптар енгізілді және Еуро-4 стандартына көшу</p>	<p>- Қоршаған ортаны қорғау: Жолдарды жоспарлау, салу және оларға техникалық қызмет көрсету үдерісінде экологиялық мәселелерді шешу мақсатында Жол комитетіндегі қаржылық қолдау (Дүниежүзілік Банктің жәрдемі)</p>
<p>Тұрақты қаржыландыру</p>	<p>Ақтау қағидаттарын қолдану</p>	<p>Шығындарды өтеу және жол қозғалысына қатысушылардан алынатын алымдарды зерделеу орындалды</p> <p>Концессиялар туралы заң 2008 жылы пысықталды</p>	
		<p>Ұсынылатын концессиялық жобалар бойынша конкурстық рәсімдер</p>	<p>МЖӘ негізіндегі жоба үшін конкурстық құжаттама</p> <p>Тәуекелдерді бөлу стратегиясын дайындау (ЕҚДБ-ның жәрдемі)</p>
<p>Саясат және реттеу стратегиясы</p>	<p>Қазақстан Республикасының ұлттық жол заңнамасын жетілдіру және секторды дамыту бағдарламасын дайындау</p>	<p>Автожолдар туралы заң 2001 және 2004 және 2008 жылдары толықтырылды</p> <p>Көлік секторының стратегиясы</p> <p>Ү д е м е л і</p> <p>индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына енгізілді</p>	<p>Халықаралық нормаларға сәйкес болу үшін Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын үйлестіру</p>
		<p>Жол секторын басқару реформасы (саясатты әзірлеу</p>	

Институционалдык реформа және әлеуетті дамыту	Жолды басқару саласында әлемдік дәрежеге қол жеткізу	<p>және оны орындау функцияларын ажырату іске асырылды).</p> <p>Сатып алу туралы жаңа заң 2008 жылғы қаңтарда күшіне енді.</p> <p>Бақылау және қаржылық басқару жүйелері (зерттеулер аяқталды, жүйені енгізу жүзеге асырылуда)</p> <p>Жол секторының персоналы мен жеке мердігерлерді келісімшарттарды басқаруға және оларды орындауға оқыту</p> <p>Персонал дайындаудың өңірлік орталықтары 4 өңірде қалыптастырылған</p> <p>- Кадрларды дамыту жоспары орындалды</p>	<p>Жол секторын жоспарлау, басқару және мониторинг жүйесін қалыптастыру қажет.</p> <p>ОАӨЭЫ 1 жобасы бойынша Дүниежүзілік Банктің жәрдемі (институционалдык компонент) – жол секторының әлеуетін дамыту үшін - қаржылық жоспарлау және жолдарды басқару үшін бағдарламалық қамтамасыз ету</p> <p>Инновация және даму: инновацияны қолдау және оқу бағдарламаларын жаңарту үшін әртүрлі институттармен, университеттермен және жеке сектормен ынтымақтастық.</p> <p>Қарау сатысында баға эскалациясына байланысты мәселелерді тиімді шешу жөніндегі қағидалар</p>
Жол қауіпсіздігі	Жан-жақты және үйлестірілген бағдарламалар арқылы жолдағы қауіпсіздікті арттыру	<p>1997 жылы Жолды реттеу ережесі қабылданды</p> <p>Жол полициясы комитеті құрылды</p> <p>Көлік құралдарының габариттеріне және жол қауіпсіздігіне қатысты қағидалар ОА елдерінде 2004 жылы қолданылды</p> <p>ЖКО туралы, сондай-ақ қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат жинау және өңдеу жоспары дайындалды</p> <p>Жобаларды жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жобалау үшін техникалық қағидалар</p> <p>Жол бойындағы жолаққа қоршау орнату жөніндегі талаптар енгізілді.</p>	<p>Халықаралық Жол қауіпсіздігі ұйымының қаржыландыруы есебінен жобалар Қазақстандағы қауіпсіздіктің реттелуін зерттеу нәтижелеріне негізделеді. Есеп жол қауіпсіздігін жақсарту қажеттігін айқындайды.</p> <p>Ол сондай-ақ жол қауіпсіздігі жөніндегі іс-қимыл жоспарын ұсынады.</p> <p>Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы мен жол қауіпсіздігі нормаларын үйлестіру</p> <p>Жолдарда ИКЖ енгізу қажет</p>
Жол секторын орнықты дамыту	Жолдарға техникалық қызмет көрсетуді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру	<p>Техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулық аяқталды</p> <p>Техникалық қызмет көрсетуге бөлінетін қаражат сомасы артты.</p> <p>Тұрақты техникалық қызмет көрсетуді қаржыландыру қорлары км-ге бөлінетін қаражат түрінде 50%-ға артты.</p> <p>Құрылыс жұмыстарын айтарлықтай қайта бөлу - жұмыстардың 95%-ы жеке мердігерлерге берілді.</p>	<p>Жолдарға техникалық қызмет көрсетуді қаржыландыру тетігі туралы есеп</p> <p>Тұрақты техникалық қызмет көрсетуге бәсекелес сауданы және жүзеге асырылатын қызметтердің сапасын бағалау негізінде техникалық қызмет көрсету жүйесін енгізу</p> <p>Қазақавтожол стратегиясы мен бизнес жоспарын қарау, сондай-ақ техникалық және пайдалануды күшейту жөніндегі ұсынымдар ұсыну</p> <p>Жол Қорын қайта енгізуді бағалау және жеке меншік секторды Инвестициялар бағдарламасы шеңберінде жолдарды пайдалануға тарту.</p>

		Жолдарды диагностикалау тұрақты түрде жүргізіліп отырады.	Жоғарыда санамаланған іс-қимыл ОАӨЭЫ 1 дәлізі мен ЕҚДБ жобасы шеңберінде АДБ-ның жәрдемімен іске асырылады
Жол көлігін пайдалану	Шекараларды кедергісіз кесіп өту	Шекаралардағы шекара пункттерінде көліктік және санитарлық бақылау бекеттері алып тасталды. Осы проблемалар бойынша келіссөздер жүргізілуде. Салмаққа және габаритке қатысты ОА елдерімен проблема жоқ.	Траншекаралық келісімдер іске асырылып, кедендік және көліктік нормалар, рәсімдер мен құжаттамалар үйлестірілетін және жеңілдетілетін болады. Көлік құралдарының салмағы мен габариттеріне арналған шектеулер қайта қаралатын болады.
	Ақпараттық технологияларды енгізу Мемлекеттік көлік қызметтері	Жылдамдық режимін тіркейтін камералар пайдаланылады. Бағдаршам жүйесі үйлестіріледі Консалтингтік қызметтерді іріктеу ОАӨЭЫ 1 бойынша АДБ-ның жобасы шеңберінде ЗКЖ әзірлеу үшін жүргізілуде - Қарау үдерісінде	Елде қолданыстағы және болашақ автожолдар желісіне ЗЖК технологиясын енгізу жөніндегі стратегиялық жоспар әзірлеу 2800 км Батыс Еуропа–Батыс Қытай дәлізі үшін іске асыру жоспарын, жабдық ерекшеліктерін, орналасу жоспарын және жұмыс кестесін дайындау Жоғарыда санамаланған іс-қимылдар ОАӨЭЫ 1 (1-транш) дәлізі мен ЕҚДБ жобасы шеңберінде АДБ-ның жәрдемімен іске асырылады

АДБ = Азия Даму Банкі, ТМД = Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, ЕҚДБ = Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі, ЗКЖ = зияткерлік көлік жүйесі, км = километр, ККМ = Көлік және коммуникация министрлігі, ОЖӘ = облыстық жол әкімшілігі, МЖӘ = мемлекеттік–жеке меншік әріптестік

Ақпарат көзі: ҮИИДМБ-ның көлік секторын дамыту стратегиясы

Е. Ұсынылатын инвестициялық бағдарлама

17. Ұсынылатын инвестициялық бағдарлама Маңғыстау облысындағы ОАӨЭЫ 2 көлік дәлізінің 790 км жолын қайта жаңартуға мүмкіндік береді. Инвестициялық бағдарламаның жолдары Қазақстанды Әзірбайжанмен, Еуропамен және батыста Каспий теңізі арқылы Түркиямен; солтүстікте Ресеймен, оңтүстік-шығыста Өзбекстанмен; оңтүстікте Түрікменстанмен біріктіреді. Дәліздің 790 км учаскесі, учаскесінің 84 км Бейнеу-Ақжігіт (Өзбекстан шекарасы)және Ақтау-Манаштан және 430 км Жетібай-Фетисоводан 237 км-нен тұрады. (4-кесте)

18. 1-транш Ақтау-Манаш жолының 200км (372.6 км және 514.3 км 574 км және 632.3 км) учаскелері үшін (1) нақты инвестициялардан тұратын болады; және (2) ККМ мен АЖК-нің жобаны жоспарлау, басқару, жолдарды басқару және шекара маңындағы инфрақұрылым мен жабдыкталуын жақсартуға арналған әлеуетін күшейту үшін жобаны басқару және институционалдық қолдау. Бұл құрылысты қадағалауды және жобаны басқаруды қамтитын болады; (2) кейінгі жобалардың ТЭН-і мен

егжей-тегжейлі жобасы; және (3) құрылыс әлеуеті мен жолдарды күтіп ұстауды, сатып алу жоспарын, келісімшарттарды басқару, қоршаған ортаны қорғау және көшіру жөніндегі қорғау іс-шараларын күшейту, сондай-ақ шекараны кесіп өту жөніндегі іс-шаралар.

4-кесте: Ұсынылатын инвестициялық бағдарлама (млн. \$)

Жол	Ұзындығы	Сомасы (млн. \$)
Бейнеу–Манаш	40 км	55.0
- Манаш–Бекі	303 км	406.7
- Бекі–Ақтау	127 км	259.8
- Бейнеу-Ақжігіт	84 км	100.0
- Жетібай–Фетисово	237 км	235.0
- Инфрақұрылым, шекарадағы техникалық құралдар		3.0
Күтпеген шығыстар		117.5
Барлығы	791 км	1,212

Ақпарат көзі: АДБ-ның есеп айырысулары

5-кесте: Инвестициялық Бағдарламаны қаржыландыру жоспары

Ақпарат көзі	Сомасы (\$ миллион)	Қаржыландыру үлесі (%)
А Д Б	8 0 0	6 6 . 0
Қ Р	Үкіметі 4 1 2 . 0	3 3 . 0
Жиыны	1,212.0	100.0

Ақпарат көзі: АДБ мен ҚР ККМ

2-ҚОСЫМША

ҚҚТ МОНИТОРИНГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ НЕГІЗІ

Құрылым сипаты	Тиімділіктің нысаналы көрсеткіштері	Дереккөздер мен есептілік тетіктері	Алғышарттар мен тәуекелдер
Мақсаты ОАӨЭЫ шеңберінде орнықты экономикалық дамуға және өңірлік ынтымақтастыққа жәрдемдесу	2020 жылға қарай Қазақстан ЖІӨ-нің ұлғаюы шамамен \$114 млрд-тан (2009) \$300 млрд-қа дейін	Статистика жөніндегі ұлттық агенттік ұсынған ұлттық және жергілікті деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық статистика	Алғышарттар Үкімет экономикалық өсуге ықпал ететін саясатты жүргізуді жалғастыруда және реформаларды, өңірлік ынтымақтастық пен біріктіруді жүргізу жолын ұстана береді.
	2016 жылға қарай 2009 жылы қозғалыс қарқындылығының өсуі 3,243 ккқ (күніне көлік құралы) 13,333 ккқ-ға дейін		Алғышарттар

<p>Нәтиже</p> <p>Көлік байланыстарының өсуі және тиімділік, институционалдық тиімділік</p>	<p>Ақтау және Бейнеу арасындағы жолды жүріп өту уақытын 12-ден 5 сағатқа дейін қысқарту.</p> <p>«Ақтау-Бейнеу» учаскелерінде 2009 жылы жыл сайынғы ЖКО-ның санын 21-ден 15-ке дейін қысқарту</p> <p>Жолдарды қаржыландыру (2008) 1%-дан бастап 2020 жылға дейін 1.5 %-ға дейін</p> <p>Жолдарды ұстауға арналған бюджет 2020 жылға қарай ЖІӨ-нің 1.5 % -ына дейін ұлғаятын болады.</p>	<p>Статистика жөніндегі ұлттық агенттік ұсынған ұлттық, облыстық және аудандық әлеуметтік-экономикалық статистика</p> <p>Қозғалыс қарқындылығы бойынша мерзімді жүйелі есептер және ЖКО бойынша деректер жүйесі</p> <p>ОАӨЭЫ ДҚБМ есептері</p>	<p>Инвестициялық бағдарламаны жақсарту нәтижесінде көлік қызметтеріне қол жетімділік және оның сапасының өсуі</p> <p>Шекарадан өту рәсімін жеңілдету</p> <p>Макроэкономикалық көрсеткіштерді тұрақты түрде жақсарту</p> <p>Т ә у е к е л</p> <p>Саяси тұрақсыздық</p>
<p>Нәтижелері</p> <p>1. ОАӨЭЫ 2 көлік дәлізі</p> <p>Маңғыстау облысының қайта жаңартылған учаскесі</p> <p>2. ККМ-нің активтерді және жобаны басқарудағы әлеуеті күшейтілді</p>	<p>2016 жылға қарай кемінде 4м/км жамылғының кедір-бұдырлығының халықаралық техникалық көрсеткіштеріне сәйкес шамамен 790 км учаскені қайта жаңарту</p> <p>Бағдарламаны басқару тобы тиімді жұмыс істейді.</p> <p>Кейінгі транштарға сұрау салулар АДБ-ға уақтылы ұсынылды</p> <p>АА персоналының үштен бір бөлігі 2016 жылға дейінгі оқыту бағдарламаларынан өтті</p> <p>3-транштың жобасы негізінен АА күш - жігерімен дайындалды және іске асырылды, консультанттардың үлесі азайтылды</p> <p>Шекарадан өту үшін уақыт 2016 жылға қарай 1 көлік құралына 1.5 сағаттан 30 минутқа дейін қысқартылды</p> <p>Өзбекстанмен және Түрікменстанмен</p>	<p>ККМ-нің жобаны іске асыру барысы туралы есептері</p> <p>ККМ-нің жобаны іске асыру барысы туралы есептері</p> <p>АДБ-ға ұсынылған ҚМС</p> <p>Оқудан (тренингтен) өткен персоналдың тізімі және олардың оқу бағдарламаларының бөлшектері</p>	<p>Алғышарттар</p> <p>Қоса қаржыландыру ресурстарын уақтылы қамтамасыз ету және Инвестициялық бағдарламаны қ о л д а у</p> <p>Жергілікті тұрғындар тарапынан қ о л д а у</p> <p>Әлеуетті дамыту бойынша уақтылы жалданған білікті с а р а п ш ы л а р</p> <p>ККМ-нің өз персоналын оқытуға мүдделілігі</p> <p>Оқытуды ойдағыдай өткен персонал инвестициялық бағдарламаны іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыруда</p> <p>Алғышарттар</p> <p>Әр түрлі тиісті органдар арасындағы қалыптасқан үйлесімділік</p>

<p>3. Шекаралардан өту үшін инфрақұрылым мен жабдықтар жақсартылды</p>	<p>шекаралардан өту пункттеріндегі жабдық пен инфрақұрылым 2016 жылға қарай жаңғыртылады</p> <p>Шекарадан өту мәселелері үшін жауапты қызметкерлерді оқыту 2016 жылға қарай табысты аяқталады</p>	<p>Консультанттардың жобаны іске асырылу барысы туралы е с е п т е р і</p> <p>Дәліздің тиімділігін мониторингілеу және бағалау</p>	<p>Қырғызстан және Тәжікстан арасындағы шекарадан өту туралы ОАӨЭЫ көлік келісімі Қазақстанды қосу үшін кеңейтілген.</p> <p><u>Тәуекелдер</u></p> <p>Тиісті органдардың шектеулі үйлестірілуінің салдарынан шекаралардан өту және шекара маңындағы сауда туралы СВТА келісімін іске асыру рәсімдерін жақсартудағы кешіктіру</p>
<p>Қызметтің маңызды кезеңдері</p> <p>1 - т р а н ш</p> <p>1.1. Құрылысты қадағалау және бағдарламаны басқару үшін консультанттарды 2011 жылғы сәуірге дейін тарту</p> <p>1.2. Құрылыс жұмыстарына арналған келісімшарттарды 2011 жылғы мамырға дейін беру</p> <p>1.3. Жобаны іс жүзінде 2014 жылғы ақпанға дейін аяқтау</p> <p>1.4. Әлеуетті күшейту жоспары 2011 жылғы мамырға дейін әзірленген</p> <p>1.5. Персоналды оқыту бағдарламалары 2011 жылғы маусымда басталды және 2016 жылғы желтоқсанға дейін аяқталды</p> <p>2 - т р а н ш</p> <p>1.1. Құрылыс жұмыстарына арналған келісімшарттарды 2011 жылғы шілдеге дейін беру</p> <p>1.2. Құрылыс жұмыстарын 2014 жылғы желтоқсанға дейін аяқтау</p> <p>3 - т р а н ш</p> <p>1.1. Құрылыс жұмыстарына арналған келісімшарттарды 2013 жылғы ақпанға дейін беру</p> <p>1.2. Құрылыс жұмыстарын 2016 жылғы маусымға дейін аяқтау</p>		<p>Салымдар</p> <p>1-транштың жобасы</p> <p>1. \$800 млн-нан аспайтын АДБ-ның ҚМТ</p> <p>2. Үкімет тарапынан болжанатын бірлесіп қаржыландыру: \$412 млн.</p>	

АДБ = Азия Даму Банкі, ОАӨЭЫ = Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы, СРММ = дәліз қызметін бағалау және мониторингілеу, ЖІӨ - жалпы ішкі өнім, IRI = тегістіктің халықаралық индексі, ҚМТ = Қаржыландырудың мультитранштық тетігі, ҚМС = қаржыландыруға мерзімді сұрау салу, PIU = жобаны іске асыру жөніндегі бөлім.

Ақпарат көзі: АДБ-ның бағалары

3-ҚОСЫМША

Іске асыру жөніндегі негіздемелік құжат

Жобаны орындаушы

1. ҚМТ (Қаржыландырудың мультитранштық тетігі) бойынша атқарушы орган осы қаржыландыру туралы негіздемелік келісімге (ҚНК) 1-қосымшада сипатталғандай, ККМ болады; ал бұл жұмыста оған жобаларды күнделікті басқаруға жауап беретін, бағдарламаны іске асыру жөніндегі ведомство ретінде Автомобиль жолдары комитеті (мұнда және бұдан әрі Комитет) жәрдемдесетін болады. Комитетке оның Маңғыстау департаменті көмек көрсететін болады.

Бағдарламаны басқару

2. Комитеттің бағдарламаны басқару жөніндегі тобы (ББТ) Комитет төрағасы орынбасарының бақылауымен және басшылық етуімен жоба бойынша барлық қызмет түрлерін жүзеге асыратын болады. ББТ-ға Комитет персоналының ішінен тағайындалған, сондай-ақ жағдайға байланысты сырттан жалданған техникалық персонал кіретін болады. Қаржылық басқаруға қатысы бар қызметті Комитеттің қаржы бөлімі жүзеге асырады. Сондай-ақ ББТ мынадай іс-қимылды орындайды: (i) есептер дайындайды, (ii) жобаның іске асырылуына бағалау, мониторинг пен талдау жүргізеді, және (iii) АДБ мен Үкіметтің мақұлдауын алады. Бағдарлама бойынша сырттан тартылатын, негізінен табиғат қорғау және әлеуметтік кепілдіктер саласындағы және ББТ-ға қолдау көрсету үшін сатып алу бойынша мамандар жалданатын болады.

Жоба бойынша есептілік аудиті

3. Комитет қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді, алынған қаржы көздерін, сондай-ақ жоба бойынша шеккен шығындарды және пайдаланылған жергілікті қаржыландыру көздерін айқындау үшін жоба бойынша құжаттама мен бухгалтерлік құжаттарды бөлек жүргізуге тиіс. Жоба бойынша қаржылық есептілікті қолданыстағы аудит стандарттарына сәйкес жыл сайынғы негізде АДБ үшін қолайлы тәуелсіз аудитор тексеретін болады. Қарыз алушы АДБ-ға ҚКТ-ны іске асыру бойы әрбір қаржы жылы аяқталғаннан кейін 6 ай ішінде жыл сайынғы аудиторлық есептерді ұсынатын болады. Аудиторлық есепте арнайы шоттар мен шығыс ведомостарын тексеру жөніндегі аудиторлық пікір бөлек к ө р с е т і л у г е т и і с .

4. Қарыз алушы ҚКТ бойынша қаржыландырылатын әрбір жоба үшін жыл сайынғы жұмыс істеу аудитін жүргізіп отыруға тиіс, олар АДБ-ға қолайлы техникалық тапсырмаға сәйкес аяқталатын болады.

Шолу

5. АДБ, КҚМ, Комитет және Қаржымині қажетіне қарай әрбір жекелеген траншты және іске асыру тетігіндегі немесе кемшіліктерді жою жөніндегі транш жобасының және тұтастай алғанда қаржылық бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін қабылдау қажет болатын шаралардағы қандай да бір өзгерістерді талқылау үшін тұрақты түрде кездесіп отыруға тиіс.

6. ҚКТ бойынша қаржыландыратын жобаны аралық шолуды АДБ мен Қазақстан Республикасы жобаны іске асырудың үшінші жылында қолға алатын болады. Жобаны аралық шолу жобаны іске асыру үдерісінде ҚҚМ-ге, оның транштарына немесе жекелеген жобалар мен олардың одан әрі іске асырылуына теріс әсер етуі мүмкін даулы мәселелерді, проблемаларды немесе әлсіз тұстарды, сондай-ақ басқарушылық, әкімшілік, ұйымдық, техникалық, экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, қаржылық аспектілерді, кедейлікті төмендету мен қоныс аудару т.б. мәселелерді қарауды қамтитын болады. Шолу шеңберінде қоныс аудару үдерісін, қоршаған ортаға және

халықтың кедейшілігін төмендетуге әсерді, сондай-ақ ҚКТ-да көрсетілген куәландыруларға сәйкестігі және Инвестициялық бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті қандай да бір өзгерістер туралы уағдаластықты тексеру жүргізілетін болады. Инвестициялық бағдарламаға аралық шолуды АДБ мен ҚР Азия Даму Банкінің ҚКТ-ны мақұлдаған күнінен бастап үшінші жылы қолға алатын болады.

Мониторинг және бағалау

7. Комитет қадағалау жөніндегі консультанттардың жәрдемімен жобалық объектілерді тиімді басқару мен жобадан барынша жоғары пайда алуды қамтамасыз ету үшін жобаның әсерін мониторингілеу мен бағалауды жүзеге асыруға тиіс. Комитет қадағалау жөніндегі консультанттардың жобаның бастапқы, оны аяқтау сатысында және жоба аяқталғаннан кейін 3 жыл өткен соң АДБ-мен келісім бойынша деректерді жинауын қамтамасыз етеді.

8. ҚКТ-ның әрбір траншы бойынша қарыз туралы келісім күшіне енген күннен бастап 3 ай ішінде АЖК Инвестициялар бағдарламасы мен жоба тиімділігінің көрсеткіштеріне сәйкес нысаны мен мазмұны тұрғысынан АДБ-ны қанағаттандыратын жобаның тиімділігін бағалау жүйесін (ЖТБЖ) әзірлейді. Жоба мен ҚКТ мониторингінің құрылымы 2-қосымшада сипатталады. Комитет ЖТБЖ-ға сәйкес әрбір жекелеген транш үшін, сондай-ақ Инвестициялар жоспары үшін жобаның көлемін, іске асыру тетіктерін, оны жүзеге асыру қарқынын және нақты жоба мен тұтастай Инвестициялар жоспарының мақсаттарына қол жеткізуді бағалау үшін жобаны іске асыруға мерзімді шолу жүргізетін болады.

9. Комитет ҚКТ-ның әрбір жобасы бойынша жұмыстардың барысы туралы тоқсандық есептер дайындап, АДБ-ға ұсынады. Есептер нақты жүргізілген жұмыстардың сипатын, туындаған проблемалар мен қиындықтарды, сондай-ақ қарыз бойынша кезеңдегі, жылдың өткен кезеңіндегі және ағымдағы күнге дейінгі жалпы шығыстардан тұратын қысқа қаржылық есепті қамтуға тиіс, сондай-ақ қоршаған ортаны басқару келісімшарттары мен жоспарында көрсетілгендей, теріс әсерлерді төмендету жөнінде қабылданған шаралар, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау талаптарына жауап беретін сатып алуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы есеп ұсынылуға тиіс.

10. Жобаның аяқталуы туралы есеп АДБ-ға әрбір жоба аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде жіберілетін болады. ҚКТ-ның аяқталуы туралы есеп АДБ-ға Инвестициялық бағдарлама аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде ұсынылады. Жобалардың аяқталуы туралы есептер ҚКТ шеңберінде қаржыландырылған жобаларды және тұтастай алғанда, ҚКТ-ны оның ішінде жобаның дизайнын, шығыстарды, мердігерлер мен консультанттардың жұмысын, әлеуметтік, экологиялық және экономикалық әсерді, жобаның экономикалық рентабельділігін егжей-тегжейлі бағалауды және АДБ талап ететіндей әрбір жоба бойынша басқа да нақтылықтарды қамтуы тиіс.

4-ҚОСЫМША

ҚҚТ шеңберінде жобаларды іріктеу өлшемдері мен келісу рәсімдері

1. АДБ (i) осы ҚНҚ-ге (Қаржыландыру туралы негіздемелік келісімге) 1-қосымшада сипатталған Инвестициялар бағдарламасының және Инвестициялар жоспарының бір бөлігі болып табылатын, (ii) осы ҚНҚ-ге 3-қосымшада келтірілген іске асыру тетігін ұстанатын; (iii) осы ҚНҚ 4-қосымшада көрсетілген жарамдылық талаптарына жауап беретін; сондай-ақ (iv) осы ҚНҚ-ге 5-қосымшада көрсетілген әлеуметтік сипаттамаларға толық сәйкес келетін және қауіпсіздік шеңберіндегі жобаларды ғана қаржыландыратын болады.

А. Іріктеу өлшемдері

2. Ұсынылатын жоба немесе кіші жобалар ҚМТ қаржыландыруы үшін мынадай өлшемдерге сәйкес болуға тиіс:

(i) Көлік секторын дамыту бағдарламасын іске асыруға үлес қосатын жолдарды салуға, жақсарту мен жаңартуға және Қазақстанның көлік стратегиясының мақсаттарына қол жеткізуге және жол секторын дамытуға бағытталған болуға;

(ii) ҚР мен АДБ-ның инженерлік, қаржылық, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік талаптарына жауап беретін бекітілген техникалық ерекшеліктеріне сай болуға;

(iii) Жұмыстар кестесіне сәйкес жобаны немесе кіші жобаны іске асыруға және жобалық /кіші жобалық объектілерді аяқталғаннан кейін жұмыстарға дейін ұстауға арналған қоса қаржыландырудың жеткілікті болуға; және

(iv) Тиісті мемлекеттік органдар мақұлдаған, тиісінше ресімделген болуға тиіс.

В. Келісу рәсімдері

3. ҚҚТ бойынша қаржыландыруға ұсынылатын жобалар бойынша келісу рәсімдері Комитеттің осы ҚНҚ-ге 5-қосымшада сипатталған қосымша талаптарына сәйкес ішкі мемлекеттік рәсімдер мен келісу үдерістеріне сай жүзеге асырылатын болады.

4. ҚҚТ-нің тиісті транштарымен қаржыландыруға арналған барлық жобалар үшін келісу рәсімдері мынадай болуға тиіс:

(i) Комитет іріктеу өлшемдеріне сәйкестігін растайды және Қарыз алушы қаржыландыруға мерзімді сұрау салуды (ҚМС) АДБ үшін қолайлы пішінде дайындайды – Қарыз алушы АДБ-ға техника-экономикалық негіздеме жөніндегі тұжырымдармен және техникалық есептеулермен (егер қажет болса), консультанттар жалдау жөніндегі техникалық тапсырмамен, кез келген қабылданған іс-қимылдың нәтижелерімен, экономикалық және қаржылық бағалаулармен (қажет болған жағдайларда) және сатып алу жоспарымен, ҚҚТ үшін дайындалған табиғат қорғау және әлеуметтік кепілдіктер жөніндегі негіздемелік құжаттар талап ететіндей кепілдіктерді іске асыру жоспарларын қоса алғанда, табиғат қорғау және әлеуметтік кепілдіктер туралы тиісті құжаттармен бірге ҚМС, сондай-ақ жобаның және оның мониторингінің

қ ұ р ы л ы м ы н

ұ с ы н а д ы .

(ii) Көлік секторын дамыту бағдарламасын жаңарту барысында қосылған жобалар үшін барлық заңнамалық рұқсаттар/санкциялар АДБ-ға тиісті ҚМС ұсынылғанға дейін а л ы н у ғ а т и і с .

(iii) ККМ, Комитет және АДБ АДБ-ның кезеңді шолу миссиялары және жұмыстардың барысы туралы тоқсандық есептері арқылы байланыс жасайтын болады және осы рәсімдерде ҚМС АДБ-ға ұсынғанға дейін олар бойынша алдын ала консултациялар жүргізу көзделуі мүмкін.

(iv) Ұсынылатын жобалардың іріктеу өлшемдеріне және келісу рәсімдеріне қанағаттанарлық жағдайында және АДБ-ның тиісті саясаттарына сәйкес АДБ мен Қарыз алушы жобаны келісу үшін қарыз бойынша келіссөздер жүргізеді және осы келіссөздер ойдағыдай аяқталғаннан кейін осы жобаны қаржыландыру үшін АДБ-ның мақұлдауы алынатын болады.

(v) АДБ-дан қаржыландыруға мақұлдау алынғаннан кейін Комитет АДБ-ның Сатып алу жөніндегі нұсқауына сәйкес тендерлік рәсімдерге кіріседі.

5-ҚОСЫМША

Әлеуметтік сипаттамалар мен табиғат қорғау және әлеуметтік талаптар

1. Қарыз алушы, осы Қосымшада сипатталған талаптар және ҚМТ мен бірінші траншқа қатысты дайындалған және көшірмелері АДБ-ға ұсынылған, сондай-ақ осы құжаттың құрамына енгізілген төменде келтірілген негіздемелік құжаттар мен жоспарлар, атап айтқанда.

(i) 2010 жылғы 12 тамыздағы Қоршаған ортаны бағалау қағидаттары туралы негіздемелік құжат,

(ii) 2010 жылғы 11 тамыздағы Жерлерді сатып алу және көшіру жөніндегі негіздемелік құжат, және

(iii) бірінші транш үшін 2010 жылғы 11 тамыздағы Жерлерді сатып алу және көшіру жоспары (ЖСКЖ) ҚКТ бойынша қаржыландырылатын жобаларды дайындау және оларды іске асыру бойынша сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Негіздемелік құжаттар тікелей ҚКТ-ға қатысты ақпаратты және АДБ-ның әлеуметтік және экологиялық қорғау саясаттарына сәйкес талаптарды қамтиды: (i) ҚКТ бойынша қаржыландырылатын жобалардың немесе жобалар бөлігінің қоршаған ортаға және мәжбүрлі көшіруге жалпы күтілетін әсері; (ii) жобаларды және жобалардың компоненттерін таңдау кезінде пайдаланылатын әлеуметтік және экологиялық қорғау өлшемдері; (iii) әсерді іріктеу мен санаттаудан, бағалаудан, басқару жоспарларын әзірлеуден, қоғамдық тыңдаулардан және ақпаратты ашудан (егер қолданылу мүмкін болса, әдетте ақпаратты ашу үшін 120 күнді қоса алғанда) кейін болатын талаптар мен рәсімдер, сондай-ақ мониторинг пен есептілік; сондай-ақ (iv) институционалдық

іс-шаралар (бюджет және әлеует бойынша талаптарды қоса алғанда) және қорғау құжаттарын дайындаудағы, қарау мен мақұлдаудағы тапсырыс беруші мен АДБ-ның міндеттері мен өкілеттіктері.

3. Әрбір ҚМС дайындалғанға дейін қоршаған ортаға және көшіруге әсерін бағалау жөніндегі әрбір негіздемелік қорғау құжатының қолданылу мүмкіндігі және негізділігі мезгіл-мезгіл енгізілетін өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге Қазақстан Республикасының қолданылатын ұлттық заңнамасына және АДБ-ның қорғау шараларының саясаты жөніндегі АДБ-ның Ережесіне (2009) сәйкес болуы және дәйектілігі үшін қайта қаралады және жаңартылатын болады.

4. Барлық жағдайларда, әрбір жаңа ҚМС-ты дайындау үшін Комитет ҚКТ жөніндегі ағымдағы жобаларды олар бойынша қорғау шаралары жоспарларымен және негіздемелік құжаттармен олардың сәйкестігін тексеру үшін қайта қарайтын болады, сондай-ақ АДБ-ға осы жобаларға жататын, траншқа енгізілген және іске асыру сатысындағы қорғау шаралары жөніндегі басқа құжаттармен бірге осындай шолулар бойынша есептер ұсынатын болады. Кез келген жағдайда, егер қолданыстағы жобаларды шолу барысында айтарлықтай сәйкессіздік табылатын болса, Түзету іс-шараларының жоспары дайындалады және АДБ-ға ұсынылатын болады.

5. ҚКТ шеңберінде қаржыландырылатын барлық жобалар АДБ-ның Табиғатты қорғау және әлеуметтік кепілдіктері жөніндегі саясатына (2009 ж.) және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік кепілдіктер саласында қолданылатын ұлттық заңнамасына сәйкес болуға тиіс. Алайда АДБ Саясатының талаптары мен ережелері және Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы арасында сәйкессіздік болған жағдайда сәйкессіздікті жою бойынша тиісті стратегияны АДБ-мен консультациядан кейін қорғау шаралары саясатының талаптары мен қағидаларын қамтамасыз ету үшін Қарыз алушы ұсынатын болады.

Қоршаған орта

6. Қарыз алушы, Инвестициялық бағдарламаның барлық объектілері жобалануын, салынуын, пайдалануға енгізілуін, ал Инвестициялық бағдарламаның барлық жобалары Қоршаған ортаны бағалау қағидастары туралы негіздемелік құжатпен, қоршаған ортаға әсерді тиісті бағалаумен (ҚОӘБ) немесе қоршаған ортаны алдын ала экологиялық бағалаумен (АҚОӘБ), сондай-ақ төменде көрсетілгендей ҚОБЖ-мен келісілген, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына, АДБ-ның Қорғау шаралары жөніндегі саясаттарына (2009) сәйкес іске асырылуын қамтамасыз етеді.

7. Комитет қоршаған ортаны бағалау қағидастары туралы негіздемелік құжатқа сәйкес ҚКТ бойынша қаржыландырылатын әрбір жоба үшін қоршаған ортаға әсерін бағалауды (ҚОӘБ) немесе қоршаған ортаны алдын ала экологиялық бағалауды (АҚОӘБ) (нақты жағдайға қарай) дайындайды және барлық ҚОӘБ-терді/АҚОӘБ-терді ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне келісуге және АДБ-ға тексеру және өзінің веб-сайтында жариялау үшін ұсынады. Мұндай жобаларды жобалау, салу және жұмыс

істеу үдерісінде бекітілген ҚОӘБ/АҚОӘБ-ні ұстану қажет.

8. Комитет жобаларда ҚОӘБ қолдануды қамтамасыз етеді. Барлық ҚОБЖ ұсынымдары оларды сақтауын қамтамасыз ету үшін тендерлік құжаттар мен келісімшарттарға енгізілетін болады.

9. Комитет: (i) мердігердің ҚОБЖ-ны қолдануын қадағалайтын болады; (ii) құрылыстық мердігерге және консалтингтік қызметтерге арналған шарттарда ҚОБЖ-ны дайындау, оны іске асыру және мониторингі бойынша арнайы ережелердің қамтылуын қамтамасыз етеді, (iii) ҚОБЖ-дан теріс әсерді азайту жөніндегі шараларды мердігерлер барабар қолдануын қамтамасыз етеді, және (iv) осы қызметті жүзеге асыру үшін жеткілікті бюджет қаражатын береді. Комитет сондай-ақ құрылыс аяқталғаннан кейін үш жыл өткен соң жобада ҚОБЖ-ны іске асыру жөніндегі жартыжылдық мониторингтік есептерді АДБ-ға уақтылы ұсынуға кепілдік береді.

10. Жоба шеңберіндегі құрылыс жұмыстарына арналған келісімшарттарға, ҚКТ қаржыландыратын жоба талап ететіндей, тиісті қоршаған ортаны алдын ала экологиялық бағалауды немесе қоршаған ортаға әсерін бағалауды АДБ мақұлдағанға дейін қол қойылмайтын болады.

Жерлерді сатып алу және көшіру

11. Қарыз алушы, жоба үшін қажетті жер учаскелері мен бөлу жолақтары үшінші тұлғалардың кез келген және барлық құқықтары мен талаптарынан және кез келген басқа да кедергілерден уақтылы босатылуын, сондай-ақ Көшіру жоспарының (ҚЖ) ережелері (i) ҚР барлық қолданылуы мүмкін заңдары мен қаулыларына, (ii) қорғау шаралары жөніндегі АДБ-ның саясатына (2009) және келісілген Көшіру жөніндегі негіздемелік құжатқа (ҚНҚ) сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

(i) ҚНҚ жылына кемінде бір рет, сондай-ақ ҚКТ бойынша әрбір траншты дайындау басында қайта қаралуы, қажет болса жаңартылуы және АДБ-ға ұсынылуға тиіс. Қайта қаралған және жаңартылған ҚНҚ-мен келісілетін ҚЖ ҚКТ бойынша қаржыландыруға ұсынылған әрбір жоба үшін дайындалуы және жобада мүдделері қозғалатын адамдарға а ш ы л у ғ а т и і с .

(ii) ҚКТ үшін ҚНҚ және ҚНҚ-мен келісілетін 1-жоба үшін ҚЖ-ні дайындау ҚКТ мен транштың мұндай бағалауы үшін шарт болуға тиіс.

(iii) ҚНҚ қайта қарау мен жаңарту және ҚНҚ-мен келісілетін әрбір келесі жоба үшін ҚЖ дайындау жобаның мұндай бағалауы үшін талап болып табылуға тиіс.

(iv) Техникалық жобаға негізделген және ҚНҚ-мен келісілетін әрбір жоба үшін жаңартылған ҚЖ дайындау мен ашу құрылыс жұмыстарына арналған тиісті шарт(тар) ж а с а с у ш а р т ы б о л у ғ а т и і с .

(v) Толық ҚЖ іске асыруды аяқтау құрылыс жұмыстарын бастау шарты болуға тиіс. Комитет бұл талапты құрылыс жұмыстарына арналған шартқа(тарға) енгізеді.

12. АДБ-ның Қорғау шаралары саясаты жөніндегі (2009) ережесіне сәйкес мыналар қ а ж е т т і б о л ы п т а б ы л а д ы :

(i) Өтемақылар бекітілген ҚНҚ мен Көшіру жоспарында ескерілгендей, тиесілі төлемдер түрінде қамтамасыз етілетін болады немесе бағасы тең жер учаскелерін іздестіру жүзеге асырылатын болады.

(ii) Құқық белгілеу құжаттарының болмауы көшіру немесе жерлерді немесе кез келген басқа шығындарды қалпына келтіру кезінде ықпал ету үшін кедергі болмайды;

(iii) Бірлесіп қаржыландыру мен төлемдер мүдделері қозғалатын тұлғаларға кез келген жер учаскелері, үй немесе басқа мүлік мәжбүрлеп алынғанға дейін оларға ұсынылған келісілген өтемақылармен және оңалтулармен бірге уақтылы жүргізілетін болады ;

(iv) Қарыз алушы, ҚМК шеңберіндегі қорғау шараларының негіздемелік қағидаттарына сәйкес жобаны іске асыру барысында туындауы мүмкін болатын әлеуметтік және экологиялық сипаттағы қандай да бір алдын ала көріп-білу мүмкін болмаған әсерлерге байланысты шығыстарды өтейді;

(v) Инвестициялық жоба бойынша көшіруге қатысты консультациялар мен шағымдар құжатталуға тиіс ;

(vi) Көшіру жоспарлары өзгерістер немесе көшіруге қосымша әсер ету жағдайында жаңартылуы тиіс; және көшіру жөніндегі іс-шаралар бойынша ақпарат Комитеттің тоқсан сайынғы есептері шеңберінде АДБ-ға ұсынылады .

13. ККМ мен Комитет (i) экологиялық бағалау және жерлерді сатып алу жоспары жөніндегі құжаттарды ақпаратты қарау және ашу үшін АДБ-ға ұсынады, сондай-ақ (ii) жобада мүдделері қозғалатын тұлғалар үшін осы құжаттарға қол жеткізуді уақтылы қамтамасыз етеді .

14. Комитет тиісті транш бойынша қарыз туралы келісім күшіне енген күнінен бастап 3 ай ішінде мониторинг жүргізу және көшіру үдерісі мен оның әсерін бағалау үшін АДБ-ға қолайлы тәуелсіз сарапшыны тартады. Тәуелсіз сарапшының мониторинг жөніндегі есептері АДБ-ға тоқсан сайын ұсынылатын болады.

Әлеуметтік әсер және басқа да мәселелер

15. Қарыз алушы ҚКТ-ны іске асыру барысында, жергілікті атқарушы органдармен, жергілікті тұрғындармен және үкіметтік емес ұйымдармен консультациялар жүргізу кезінде әлеуметтік әсер етудің тәуелсіз мониторингін жүргізуді қамтамасыз етеді. Осыған байланысты Комитет құрылыс жұмыстар бойынша барлық мердігерлер (i) қолданылуы мүмкін барлық еңбек заңдарына сәйкес болатынын, (ii) ҚКТ бойынша қаржыландырылатын жобаны/кіші жобаны орындау аймағымен көршілес тұратын тұрмысы нашарларды қоса алғанда, әйелдер мен жергілікті халықты жалдау үшін барлық мүмкін шаралар қабылдайтынын, (iii) құрылыс жұмыстары кезіндегі денсаулық қауіпсіздігі туралы ақпаратты жұмыс орындарында жалданған халық арасында таратылуын, (iv) әйелдер мен ерлерге ұқсас түрдегі жұмыс үшін тең жалақының қамтамасыз етілуін, (v) ерлер мен әйелдерге оларға мәдени тұрғыдан қолайлы келетін

қауіпсіз жұмыс жағдайлары мен жекелеген ғимараттармен қамтамасыз етілуін, сондай-ақ (vi) балалар еңбегін тартудан бас тартуды қамтамасыз етеді. ҚҚТ бойынша қаржыландырылатын барлық жобаларға/кіші жобаларға арналған келісімшарттар осы мәселелер бойынша ерекше шарттарды қамтуға тиіс және оларға сәйкестік ОАӨЭЫ 2 көлік дәлізін салу жөніндегі инвестициялық бағдарламаның бүкіл бойында қатаң қадағаланатын болады. Комитет ЖБТ-ның осы ережелерге сәйкестікті қадағалап отыруына кепілдік беруге тиіс.

6-ҚОСЫМША

МІНДЕТТЕМЕЛЕР

ҚҚТ бойынша жекелеген транштар жөніндегі қарыздар туралы келісімдерге енгізілетін негізгі міндеттемелерге қосымша ретінде Қарыз алушы ҚҚТ шеңберінде мынадай іс-шараларды жүргізеді:

Секторды дамыту құрылымы және диалог

1. Қарыз алушы (i) осы ҚНҚ-ге 1-қосымшада көрсетілген автожолдарды дамыту жоспарына және секторды дамыту құрылымына қатысты міндеттемені қолдауды қамтамасыз етеді, (ii) Инвестициялық бағдарламаны қолдайтын және қаржыландыру жоспарын орындайтын болады; (iii) АДБ-ны автожолдарды дамыту жоспарындағы, секторды дамыту құрылымындағы, инвестициялық бағдарламадағы және қаржыландыру жоспарындағы кез келген өзгерістер туралы хабардар етеді; сондай-ақ (iv) осы элементтердің кез келгеніне әсер ететін саясатты әзірлеу мәселелері бойынша диалог арқылы АДБ-мен консультация жүргізетін болады.

Бюджеттік ресурстар

2. Қарыз алушы КҚМ-ге бюджетті қаражатын жыл сайын бөлу арқылы инвестициялық бағдарламаны уақтылы және тиімді іске асыру үшін қажетті қоса қаржыландыру қаражатының беруді қамтамасыз етеді және КҚМ өзінің жыл сайынғы даму бағдарламасында инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арналған қаржыландыру жөніндегі талаптарды жаңартып отыруы үшін Қарыз алушы қажетті ресурстарды уақтылы бөлуді қамтамасыз етеді.

3. Қарыз алушы КҚМ-ге Көлік секторын дамытудың 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес ағымдағы қызмет көрсетуге жұмсалатын бюджетті бөлуді қамтамасыз етеді және 2012 жылдан кейін әрбір есепті жыл ішінде осы бюджет қаражатты жыл сайынғы инфляция қарқынынан кем емес сомаға артуын және бұл ретте ағымдағы қаржылық теңгерімді әрдайым ұстап тұруды қамтамасыз етеді. Қарыз алушы жоғарыда айтылғанның жалпы сипатын шектемей бағдарламаны іске асыру үшін жеткілікті қаражат бөлуді және уақтылы беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ КИБ-ге кіретін жол учаскелерін қолданылуы мүмкін стандарттар мен ең үздік халықаралық іс-тәжірибеге сәйкес қызмет көрсетіліп қамтамасыз етеді. Мұндай

шығыстар жыл сайын тексерілетін болады, ал нәтижелері алғаш талап етілуі бойынша АДБ-ға ұсынылатын болады.

Құрылыс сапасы

4. Қарыз алушы ККМ арқылы (i) инвестициялық бағдарламаның жобасы бойынша автожолдар техникалық тапсырмаға сәйкес қалпына келтірілуін немесе салынуын; және (ii) құрылысты қадағалау, сапаны бақылау және келісімшарттарды басқарудың халықаралық мойындалған стандарттарға сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді.

Жол қауіпсіздігі

5. Қарыз алушы Комитеттің жобаны іске асыру кезеңі ішінде және ол аяқталғаннан кейін ескерту жол белгілері, жолдың жүру бөлігін ажырату жолақтары, жол белгілері мен көрсеткіштері, байланыс пункттері, қауіпті учаскелерді қоршау және жол қозғалысы мониторингі құралдары сияқты қажетті жол белгілері мен объектілерінің орнатуын – барлығы Қазақстан қол қойған тиісті халықаралық конвенцияларға, сондай-ақ жұмыстарды жүргізудің ең үздік салалық іс-тәжірибеге сәйкес болатындай Комитет арқылы қамтамасыз етеді.

Басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

6. Қарыз алушы, жоба жөніндегі атқарушы агенттік және іске асырушы агенттік (i) АДБ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі саясатының (1998 жылғы, бүгінгі күні енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) талаптарын сақтауы және АДБ-ның Жобаға қатысы бар болжанатын сыбайлас жемқорлық, алаяқтық жағдайларын, сыбайласу және мәжбүрлеу жөніндегі қызметті тексерулерді тікелей немесе өзінің агенттері арқылы жүргізу құқығын өзіне қалдыратынын мойындауы; және (ii) осындай кез келген тексеруге жәрдемдесуі, сондай-ақ қажетті жәрдемдесуді мұндай тексеру қанағаттанарлық түрде аяқталғанға дейін қолдануға тиіс.

7. Қарыз алушы мына шаралардың қолданылуын қамтамасыз етеді: (i) егер олар ҚҚТ мен инвестициялар бағдарламасының жобаларына/кіші жобаларына қатысты болса, атқарушы ұйымдардың және барлық мердігерлердің, жеткізушілердің, консультанттардың және басқа қызметтерді жеткізушілердің есептері мен шоттарының аудиті мен тексеруге АДБ-ның құқығын белгілейтін ережелерді қоса алғанда, АДБ үшін қолайлы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты ережелер барлық тендерлік құжаттар мен келісімшарттарға енгізілетін болады; (ii) сатып алуға жататын барлық шешімдерді Сатып алу жөніндегі АДБ нұсқаулығына (2010 ж., мезгіл-мезгіл енгізілетін түзетулерімен) сәйкес ККМ және басқа тиісті органдардың өкілдерінен тұратын тендерлік комитет қабылдайтын болады; (iii) қадағалау жөніндегі консультанттар келісімшарттардың жұмыс сызбаларына және техникалық шарттарына сәйкес мердігерлердің инвойстарын тексеру үшін жалданатын болады; сондай-ақ (iv) консультанттар мен мердігерлердің іріктеу жөніндегі ақпарат жергілікті газеттер мен ККМ веб-сайты арқылы жария етіледі.

Жобаларды іріктеу және оларды іске асыру

8. Қарыз алушы (а) инвестициялық бағдарлама бойынша барлық жобалар АДБ үшін қанағаттанарлық, осы ҚНҚ-ге 4-қосымшада көрсетілген өлшемдер мен рәсімдік талаптарға сай болуын, және (б) жобаларды дайындау мен іске асыру кезінде осы ҚНҚ-ге 3-қосымшада көрсетілген шаралар, сондай-ақ АДБ-ның қорғау шаралары мен әлеуметтік сипаттамалар жөніндегі, сатып алу, төлемдер, басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және гендерлік мәселелер жөніндегі саясат пен рәсімінің (әсіресе осы ҚНҚ-ге 5-қосымшада көрсетілген талаптардың) сақталуын қамтамасыз етеді.

Фидуциарлық бақылау

9. Қарыз алушы жобаның барлық шоттарын біліктілігі, тәжірибесі және жұмыстарды орындау мерзімдері АДБ үшін қолайлы болатын тәуелсіз аудиторлардың тексеруін және осы аудиторлық есептердің тиісті есепті жыл аяқталғаннан кейін 6 ай ішінде АДБ-ға ұсынылуын қамтамасыз етеді, Қарыз алушы, осы ҚНҚ-нің 3-қосымшасында көрсетілген бухгалтерлік есеп, аудит және есептілік жөніндегі тиісті талаптарға сәйкестігін одан әрі қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны әкімшілендіру жөніндегі нұсқаулық (БӘН)

10. Қарыз алушы, инвестициялық бағдарлама бойынша барлық жобалар БӘН-де егжей-тегжейлі ашып жазылған іс-шараларға сәйкес қолданылуын қамтамасыз етеді. БӘН-дегі кез келген кейінгі өзгерістер мұндай өзгерістерді Қарыз алушы мен АДБ бекіткеннен кейін ғана жарамды болады. Жоба бойынша БӘН мен қарыз туралы келісім арасында қандай да бір сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, қарыз туралы келісімнің ережелері басым сипатқа ие болады.

Осымен 2011 жылғы 7 сәуірде Астана қаласында жасалған Қаржыландыру туралы негіздемелік келісімнің (ҚАЗ: ОАӨЭЫ 2 көлік дәлізі (Маңғыстау облысының учаскелері) инвестициялық бағдарламасы) осы аудармасы ағылшын тіліндегі мәтінге сәйкес келетінін куәландырамын.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
	<i>Қ а р ж ы</i>	<i>м и н и с т р л і г і</i>
<i>К а д р</i>	<i>ж ұ м ы с т а р ы н</i>	<i>ұ й л е с т і р у</i>
<i>ж әне</i>	<i>б а қ ы л а у</i>	<i>д е п а р т а м е н т і н і ң</i>
<i>Басқарма бастығы</i>	<i>Б. Ахметжанова</i>	